

Ж. БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНДАҒЫ «ӘДІЛЕТТІЛІК» ҚАҒИДАСЫНЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ ТОЛҒАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қ.Ұ. Әлжан

АНДАТПА

Бұл мақалада орта ғасырдағы түркі ойшылы – Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы әділеттілік идеясы философиялық әдіснамалар тұрғысынан сараланады. Алдымен, негізгі ұғымдар мен атауларға, адам есімдеріне логикалық-семантикалық және лингвистикалық философиялық талдаулар жүргізіліп, жыр мазмұнындағы дискурстарда «Әділеттілікті» арнайы концепт және қағида ретінде қарастыру негізге алынады. Әділеттілік және ел басқару ісі туралы дискурстың келбеті мен мәні сипатталады, нәтижесінде «озық, игілікті идея құндылығы» мен оның мазмұны басты орынға шығарылғандығы туралы қорытындылар алынады. Әділеттілік категориясының саяси-әлеуметтік сипат алуы мен генетикалық этикалық категориялардың онтологиялық түрде толғанылуы көрсетіледі. Әлеуметтік әділеттіліктің орнауы үшін қоғамда әділ заң үстемдігі қажеттігі, сонымен қатар, ел басқару кезінде саяси технологияларды да оңтайлы қолданудың тиімділігі туралы пікірлер логикалық тұрғыдан жүйеленеді. Шығармадағы әділеттілік идеясын талдауда қазіргі заманғы ғылыми этикалық тұжырымдамалар пайдаланылады. Әділеттілік пен ізгілік туралы эпистемологиялық көзқарастардың да кездесетіндігіне шолу жасалады. Аскеттік өмір сүру стилі мен қалыпты ғұмыр кешу дискурсы талқыланады.

Түйін сөздер: саяси-әлеуметтік, әділеттілік, дискурс, ізгілік, ел басқару, заң.

ҚР БҒМ ҒК Философия,
саясаттану және дінтану
институты, Алматы,
Қазақстан

Автор-корреспондент:
Әлжан Қ.Ұ.,
kuanysuzakbaj05@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Әлжан Қ.Ұ. Ж. Баласағұнның
«Құтты білік» дастанындағы
«әділеттілік» қағидасының
саяси-әлеуметтік деңгейде
толғанылу ерекшеліктері
// Адам әлемі. – 2025.
– № 3 (103). – Б. 19-28.

Особенности осмысления принципа «Справедливости» на политико-социальном уровне в дастане Ж. Баласагуна «Кутадгу билиг»

Аннотация. В данной статье рассматривается идея справедливости в произведении средневекового туркского мыслителя Жусуп Баласагуна — дастане «Кутадгу билиг» — с точки зрения философских методологий. Вначале проводится логико-семантический и лингвистико-философский анализ ключевых понятий, терминов и имён персонажей, затем идея справедливости рассматривается как особый концепт и принцип в содержательных дискурсах поэмы. Описываются характер и смысл рассуждений о справедливости и управлении государством, в результате чего делается вывод о центральной роли «передовой, благой идеи» в произведении. Показывается, как категория справедливости приобретает политико-социальное значение, а также как этические категории с генетической основой осмысливаются онтологически. Логически структурируются мысли о необходимости верховенства справедливого закона в обществе и эффективного применения политических технологий при управлении государством. В анализе идеи справедливости в поэме применяются современные научные и этические концепции. Также отмечаются эпистемологические взгляды на справедливость и добродетель. Обсуждаются дискурсы аскетического образа жизни и нормального человеческого существования.

Ключевые слова: политико-социальное, справедливость, дискурс, добродетель, управление государством, закон.

Peculiarities of the Political and Social Reflection of the Principle of Justice in Y. Balasaguni's «Kutadgu Bilig»

Abstract. This article analyzes the concept of justice in the work of the medieval Turkic thinker Yusup Balasaguni — «Kutadgu Bilig» — from the perspective of philosophical methodologies. The study begins with a logical-semantic and linguistic-philosophical analysis of key terms, concepts, and character names, establishing the treatment of «justice» as a distinct concept and principle within the poem's discourse. The nature and meaning of the discourse on justice and governance are explored, leading to the conclusion that the «progressive and virtuous idea» is central to the work. The paper highlights how the category of justice acquires political and social significance and how genetically rooted ethical concepts are reflected ontologically. It also systematizes logical arguments about the necessity of the rule of just law for social justice and the effective application of political technologies in state governance. Contemporary ethical and philosophical theories are employed in the analysis of the idea of justice presented in the poem. The paper further touches on epistemological views regarding justice and virtue, and discusses the discourses on ascetic lifestyle and the notion of living a balanced life.

Key words: Political-Social, Justice, Discourse, Virtue, Governance, Law.

Кіріспе

Түркі-Қазақ халқының философиялық ой-толғамдары мен дүниетанымының бағдарына берген отандық зерттеушілердің бір-

ыңғайының концептуалды бағалауларының бірі – этикоцентризмге келіп түйседі және оны тұтас эволюция бойынша сабақтасқан деген пікірлер қалыптасқан. Халқымыздың этикоцентристік пайымдауларындағы құнды-

лықтардың бірі де – әділеттілік идеясына келіп саяды. Біз бұл тұста, орта ғасырдағы ойшыл – Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дас-танын негізге ала отырып, ондағы әділет-тілік концептісінің толғанылуының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өтеміз. Оның бұл еңбегінің композициясы мен құрылымдық-жанрлық жағын, негізінен алғанда, көпқырлы тұрғыдан қарастыруға болады: поэтикалық түрде баяндалғанмен, бір қырынан оқиға-лардың қатыстырылуына байланысты қазіргі әдебиеттану тұрғысынан алғанда, новелла іспеттес, екінші бір қырынан алғанда, «философиялық эссеге» де ұқсайды, үшінші бір қырынан алғанда, саяси-әлеуметтік және өмірмәнділік-экзистенциалдық тұжырымдамалардың үлгісіне де ұқсайды, төртіншіден, оқиғалар мен концептуалды тұжырымдардың барлығы нақты таза «өмірлік әлем» аясында қарастырылады т.б.

Бұл еңбектегі әділеттілік идеясы шынайы қоғамдық өмірмен байланыста қарастырылатын және әрқилы салыстырмалы жағдайлар аясында әділеттілік ұстанымдарының барынша тұрақтылығын қамтамасыз ететін ережелер мен қағидаларды сарапқа салады, әрі қойылып отырған мәселелер дискурстар түрінде өрбиді. Бұл дискурстар – рәміздік, аллегориялық, тұспалды ойлар, нақты бір кейіпкерлердің жиынтық бейнесі арқылы құрылымданады, автор Баласағұн жалпылама әділеттілік идеясы туралы салыстырмалы көзқарастардың пікірталас аясын кеңінен пайдаланғанмен, ой түйіндеулері тиянақты және бірізді тоқтамдар аясына шоғырланады және оны қоғамдық өмірдің әр саласы бойынша толғанады. Негізінен алғанда, оның әділеттілік идеясының философиясы ішкі толғаныстарға негізделген нақты адамның рухани болмысына қатысты экзистенциалистік және саяси-әлеуметтік сипат алады, яғни, әлеуметтік әділеттілік идеясы кеңінен толғанылады. Ойшыл қоғамның әлеуметтік қабаттары арасындағы қатынастарды реттеушілік қызмет атқара алатын құндылықтарды бағамдайды. Ж.Баласағұн идеясындағы негізгі өмірмәнділік құндылықтардың құрылымдануы батыстық немесе сол дәуірдегі дүниетанымнан өзгешерек, өйткені, оны батыстық философиялық дискурстық эпистемологиямен жүйелеуге де келіңкіремейді. Көптірлі бірнеше этикалық категориялардың ішінен, басқаларын емес: «Әділет», «Дәулет», «Ақыл», «Қанағат» атты төрт концептіні таңдап алуының өзі оның философиялық-этикалық ой-толғамының өзіндік ерекшеліктерінің бастамалық шарттары. Бұлар негізінен алғанда, алдымен, абстрактілі этикалық концепттер, авторда бұл концепттер тікелей антропоморфтанбайды, бірақ арнайы төрт адамға тағайындалған сол адамның дүниетанымдық болмысымен келіп тұтаса келе, әрбір концептіні жандандырады, белсендендіреді, «тіріледі», нақты өмірге сәйкестендіреді, оларды таза априорлық күйінен алып шығып, нақтыландырып түсіндірудің үлгісін көрсетеді, «өмірлік әлем»

арқылы ашып береді. Бұл негізінен күрделі құрылым, этикалық түсініктерді адам есімімен эквиваленттендіру, әрине, басқа халықтарда да кездеседі. Бүгінгі қазақ халқында да «Әділет», «Дәулет», «Ақыл», «Қанағат» атты адам есімдерінің нақты бар екендігі тек архетиптер ғана емес, біз үшін осы Баласағұн идеясындағы бұл құндылықтарды талдау мен түйсінудің алғышарттарын құрайды.

Әдіснама

Бұл зерттеу барысында адам есімдері мен шығармадағы негізгі идеяны толығырақ ашу үшін лингвистикалық философияның қағидалары, конструктивизм ұстанымдары, лингво-семантикалық, герменевтикалық талдаулар мәтін мазмұндарындағы оқиғаларды экспликациялау бойынша қолданылды. Сонымен қатар, теориялық этика, нормативті этика, аскеттік этика, консеквионалистік этика т.б. этика іліміндегі негізгі тұжырымдамалар басшылыққа алынады да, шығармадағы дискурстардың «философиялық дискурсы» құрылымданады. Тарихи салыстырмалық талдау, жүйелеу мен топтау, жіктеу т.б. логикалық операциялар да пайдаланылады.

Талқылаулар мен шолулар

Ж. Баласағұн идеяларындағы қарастырылатын мәселелер барынша кең ауқымды: саяси-әлеуметтік, рухани-этикалық, діни және дінтанулық, экзистенциалды тәжірибелік т.б. Ойшыл әсіресе, әділеттілік пен адамгершілік, ақыл мен білімділік мәселелеріне көбірек назар аударғандығы да шындық. К. Таджикова: «Мәселен, Баласағұн әлемнің тылсым мән-мағынасын Әділдік, Ақыл, Бақыт және Даналық сияқты ұғымдардың көмегімен сипаттауға, тұжырымдауға тырысады», – деп пайымдаса [1, 48-58 бб.], ғалым-драмыз Жүсіп «Болса бегің бақытты һәм мерейлі, түгел ізгі болар атшы, қосшысы» деп билеуші мен қарапайым адамдардың татулығын дәйектейді», – деп көрсетеді [2, 59 б.].

М. Бижанова да тарихи рухани тұлғалардың, оның ішінде, Баласағұнның рухани құндылықтары турасында бағамдаған пікірлерінде негізгі құндылықтарды атап көрсетеді: «Ж.Баласағұнның ілімінде бақыт моральдың, зерденің, білімнің және әділеттіліктің мәйегі ретінде көрінеді» [3, 102-103 бб.]. Әділеттілікпен ел басқару, ізгілікті негізге алу, игілік пен білім Ж. Баласағұнды да ұстанған түркілік саяси философиясының басты құндылықтары болғандығын Қ. Әлжан мен М. Изотов былайша дәйектейді: «Жүсіп Баласағұни көне түркі руникалық мәтіндерінде түсірілген әлеуметтік шындықтармен негізінен сәйкес келетін қоғамдық-саяси тәртіптің идеалды формаларын атап көрсетті. Жүсіп құрған қоғам қатаң иерархиялық болды. Жүсіп Баласағұни атап өткен дүниеде адамның не істеп, не істей алатынын екі санатқа бөлді: дұрыс пен бұрыс.

Әрине, әртүрлі тап адамдары үшін ненің дұрыс, ненің бұрыс екені мүлде бөлек болды және таптық айырмашылықтарды бұзудың кез келген әрекеті абсолютті зұлымдық, тәңірлік ерік-жігер мен көне түркі ата-бабаларының келісімін бұзу болып саналды» [4, 9 б.]. Ал Қ. Бейсенов Ж. Баласағұнның ел басқару жөніндегі идеяларын тұтас түркілік діл мен дүниеге көзқарастық тұтастық ретінде қарастырып, ел басқару ісіндегі құндылықтық бағдарларды саралайды: «Төрт тұғырлық өлшемдік қағиданың «Құтты біліктің» құрылымдық арқауы болғандығы да дау тудырмайды. Күнтуды\әділет\, Айтолды\дәулет\, Өгдүлміш\ақыл\, Одғұрмыш\Қанағат\ бірін-бірі диалектикалық қысыммен толықтыра түсетін кейіпкерлер. Әділеттің ақ туы іспеттес Күнтуды Елік – Орталық, кіндік тұлға. Себебі, ізгілікті қоғамның мәңгілік арқауы – әділеттілік. Ол – ана сүтімен сүйекке сіңетін қасиет. Ал ақыл да, дәулет те, қанағат та, сезім де туылғаннан емес, жүре бігер қасиеттер және тұрақты болмайды. Дәулет баянсыз, тұрақсыз, түлеп, жаңғырып тұрады. Ақыл адалға да, арамға да бітеді, қанағат сараңдықпен де шектесуі мүмкін. Олардың әрқайсысы жеке дара алып қарағанда дүниеге тұтқа болмайды, адамды бақытқа жетектей алмайды. Бұлар әділеттің төңірегіне топтаспа ғана үміт оты көрінеді. Әділет, бақ, ақыл мен қанағат диалектикалық бірлікте болған жағдайда ғана халық бақытқа кенеледі... Міне, қысқаша тұжырымдағанда, «Құтты біліктің» айтпағы осы» [5, 41 б.]. Ұлттық философияның кейінгі зерттеушілері де Ж.Баласағұнның этикалық көзқарастарының мағынасын неғұрлым тереңірек ашуға бет бұрып келеді.

Атаулар туралы логикалық-семантикалық және лингвистикалық философиялық шолулар

«Әділет», «Дәулет», «Ақыл», «Қанағат» есімді тұлғалардың оқиғаларға қатыстырылуы қазақ халқы дүниетанымындағы тілдік құрылымдардың түзілімденуін қазіргі лингвистикалық философия тұрғысынан қарастырсақ, логикалық жүйелердегі сөздің атауының мағынасы мен сөздің айтайын деген нұсқауының арасындағы айырмашылық – экстенционал-интенционалдылығы [6, 25-38 бб.], десигнаттық-денотаттық, «атау-мағына-мән» үстігінің [7, 44-58 бб.] т.б. арақатынасын бұрыннан-ақ байыптағандай, оны Б. Расселше айтсақ, онтологиканы [8, 32-43 бб.] көрсете келе, атау мен нақты өмір арасындағы байланыстардың өзіндік бір параллелизмдерін де ашып көрсетуге мүмкіндіктер береді. Әрине, автордың баяндаулары бұл концепттерді семаларымен немесе эквиваленттерімен толықтырып аша түседі: әділет – әділ, ізгілік, Дәулет – құт пен ырыс, Ақыл – парасат, Қанағат – ұстамдылық. Сондықтан да, бұл түсініктерді концепттер ретінде қарастыруымызға болады.

Бұл жерде бізге оңай түсінілетін қыры, атау мен денотат қана емес, мағынаның да оған сай келуі, мәселен, «Әділет» есімді адамның

әділетті болуы тиіс немесе әділетті болса екен деген ниеттен туындағандығына қатысты болып шығады: біріншіден, «Әділет» ұғымының десигнаты емес, нақты денотатының болуын қалау, екіншіден, «Әділет» ұғымына енетін қағидалар мен шарттар сол «Әділет» есімді адамның бойынан табылуы ғана емес, ең маңыздысы, сол Әділет есімді адамға әділеттілік қағидаларын таңу, үшіншіден, бұлардың, оқиғалар мен толғаныстар аясында Ж.Баласағұнның «Әділетті конструкциялаушы», бұл тұста, айта кететін жайт, «конструкциялар» емес, философия мен психологиядағы конструктивизм ағымы бойынша ойларды туындату ретінде түйсінудіміз керек. Осы орайда, адам емес – адамдық, кісі емес – кісілік басты құндылыққа айналады.

Әрі қарай, бұл атаулар нақты адамдармен шартталады, бекітіледі: Әділдік – өмірші Күнтуды Елік, Дәулет – оның уәзірі Айтолды, Ақыл – уәзірдің, шындығында, Айтолдының ұлы Өгдүлміш, Қанағат – Өгдүлміш уәзірдің туысы, оның ағасы Одғұрмыш [9,5-12 бб.]. Бұл тұста, десигнат денотатқа айналады немесе «денотаттың денотаты» қайта құрылымданады. Мәселен, жырдағы «ақылды адам» жалпылама ақылды адамдар туралы толғаныстар (идеялар) немесе әлемдегі жалпы ақылды адамдардың өзі туралы емес, нақты ісі арқылы көрінетін адамдар. Бір ерекшелігі, автор оларды тым абстрактілі емес, нақты өмірлік тәжірибе, «өмірлік әлем» (Э. Гуссерль) бойынша сипаттайды, мәселен, бақыт пен дәулет шығармада көркемдік түрде бейнеленетін тек қана байлықты бетке ұстаған жан емес, өзінің қалыпты, ақылмен күн кешкен өміріне байланысты жай ғана дәулетті өмір сүретін жан. Сондықтан да, авторда дәулеттің (байлықтың) өзі аскеттік өмірмен қарама-қарсы түрде қойылып, жоққа шығарылмайды. Шындығында, дәулет пен ақыл, байлық пен аскеттік өмір бинарлық позицияға қойылмайды, бірақ олар қатыстырылады. Бұл да міндетті түрде бинарлық позицияда ойлауды қатыстырмай-ақ, екеуінен диалектикалық қайшылық туындатпай-ақ та, екі тараптық жақтарды толғаудың өзіндік бір философиялық үлгісін паш етеді. Постмодернистер, әсіресе, Ж. Деррида үнемі теріске шығаратын әлемді бинарлық позицияда түйсінуді кірістірілмейді.

Шығармадағы дискурстардың сыртқы келбеті мен мазмұны

Бұл еңбектегі саяси-әлеуметтік әділеттілік идеясының негізгі шарттарының бірі – патша мен халық арасындағы теңдік пен өзара үндестік, өзара функционалдық тәуелділік платформасына сүйеніледі. Яғни, халық пен патша арасындағы қатынас деспоттық форматта емес, бірін-бірі толықтырушылық арқылы үйлесімділік болып құрыламдандығына негізделеді: «Патшаларда қалың халық қақы бар, Ал халықта патшалардың қақы бар». Бұл тұста да, таптар мүлде антонимистік сипатта түсіндірілмейді.

Жыр мазмұны бойынша, ел басқарушы тек дана адамдарды, ақылдыларды, көреген өмір тәжірибесі бар адал адамдарды айналасына топтастыруға ұмтылады, олардың әрқайсысы бекпен сұхбат құра отырып, кеңеседі, олар ел басқару ісінің саяси технологиясын көбірек толғанады. Бұл толғаныстар сан алуан форматта өрбігенмен, этика ракурсын негізге алған дискурстарында сол дәуір үшін «кәсіби білікті» мамандар ғана қатынасады және олар екі адамдық пікір алмасу түрінде өрбиді: «Айтолды мен Елік», «Оғдүрміш пен Огдүлміш», «Оғдүрмыш пен Елік», «Огдүлміш пен Елік» т.б. Сонымен қатар, үшінші жақ белсенді емес түрде де қатынасатын сюжеттер бар, мәселен, «Огдүлміш пен Елік» сұхбатындағы Оғдүрмыштың айтқандары, Огдүлміш пен Оғдүрмыш сұхбатындағы Еліктің арнау хаттарының талқылануы т.б.

Бұл дискурстың ерекшелігін «метаәділеттік мәселесі» немесе метаэтика тұрғысынан бағамдауға болады, нақтырақ айтқанда, «әділеттік туралы дискурстың әділетті шешімдері», яғни, әділеттік туралы әділетті қорытындыға келу және этиканың этикалық сөйлемдер арқылы таразылау. Бұл дискурс тек қана Хабермастың ашық дискурсы мен ақиқатты әділ түрде сипаттауға ұмтылысы [10, 27-48 бб.] ғана емес немесе дискурс этикасындағы кең ауқымды мағыналарды қоса қамтып, терең мәндерге ұмтылу [11, 55-60 бб.] да ғана емес, белгілі бір деңгейдегі ақиқат туралы шексіз дискурстарға ұмтылып бара жатқан беталыстардың [12] түркі-қазақ дүниетанымындағы айқын көрінісі мен оны тәжірибеде қолдануды тексерудің таза практикалық экзистенциясы деп айта аламыз: «дискурс-нәтиже».

Негізінен сұхбаттастықтардың келбеті мен ондағы ақыл-кеңес берушінің «кәсіби білікті мамандар» болып бейнеленуінің де мағынасына тереңірек үңілуіміз керек: біріншіден, продуктивті «идея құндылығы» (қазіргі таңда да тың идея бағаланбай келеді), екіншіден, идея ғана емес, сол идеяның «тыңдаушы» мен «айтушы» сапасына қатысты құндылықтық негіздерінің басқаша құрылымданатындығы, яғни, жай ғана сөздерді, дыбыстарды айту мен тыңдау емес, мәселе – кімнің айтып тұрғаны мен кімнің тыңдап тұрғандығы, үшіншіден, сол идеяның «қалай жеткізілгендігі» мен «қалай қабылданғандығы» туралы ахуалды тереңірек қарастыру мәселесі қойылуы тиіс және оған айрықша назар аударуымыз керек. Бұл мәселелер жыр мазмұндарында былайша көрініс табады, хабарлаушы дана адам туралы: «Мұндай кісі кездеседі өте аз.

Аз аздығын қылар, аздың аты – аз...

Қай нәрсе аз, сол нәрсе асыл, о жапан!» [9, 49 б.];

«Адам қымбат емес, қымбат адамдық,

Адамдар аз емес, аз ғой адалдық».

Адалы аз, адам атты пендеміз» [9, 64 б.]

«Білімдінің айтқаны аумас батадан»;

«Екі түрлі ол ұқсаңдар.

Бірі – ізгілік жолын шындап тұтқандар.

Бірі анадан ізгі болып туады.

Ізгі болып түзу жолды қуады.

Бірі ізгінің – еліктеп-ақ тұрады...

Тумысы ізгі тек ізгілік төгеді,

Жаһан халқы тек шапағат көреді.

Тумысынан ессіз болса, емі жоқ,

Көрер одан жаһан – пәле, сая – жұт!», бұлар – жалпылама бағалаулар [9, 54 б.]. Еліктің Айтолдының сөзін қайталауы: «Мен құт болам!»-дедің, - білім ал» [9, 58 б.].

Айтолдының Елікке кеңес беру сәтінде айтқаны: «Көп тыңдай біл, аз сөйлеп, тез түсіндір... Ниет қойып онымен сезім күшін біл!» деген тұжырымдар адресант (хабарламашы) пен адресат (қабылдаушы) арасында да өзара бірін-бірі түсінушілік болуы тиіс екендігін нақтыласа, «Сұраушының», - деді Елік, «күйі мұңлық, Білмегенін құл сұрап, ұрар құлдық», - деген жолдар идея құндылығын бағалаушылықты сюрреалистік немесе гиперболизациялау тұрғысынан көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, дер кезінде алынуы тиіс ақпараттардың жай ғана қажеттілік емес, өмірмәнділік, тіпті бірнеше жүз мыңдаған адамдардың (халықтың) тағдырын шешуге қатынасатын соншалықты құнды өмірмәнділік идеялар екендігін ұғындырады.

Бұл туындыдағы ақыл-кеңес дискурсының тағы бір ерекшелігі: ақиқаттың өлшемі тұрғысынан айтсақ – когеренциялау, диалектикалық тұрғыдан бағамдасақ – тарихилық, қазіргі мәтін құрылымы бойынша айтсақ – парафразалау, библиографиялық көзқарас тұрғысынан алсақ – сілтемелер т.б. қатыстырылуы. Яғни, бұл – бүгінгі ғылым этикасындағы плагиаттарды болдырмаудан бастап, экзистенциядағы ретроспективалық ата салты, «өнеге» мен «өсиеттерді» бағалайтын дәстүршілдікпен келіп жалғасын табады. Бұл түпнұсқа мәтінде: «Түркілерден тараған: ...», «даналардың айтқаны: ...», «не дегенін тыңдайық, білікті ойлы кісінің: ...», «Түркі ханы жақсы айтыпты байыптап: ...» деген сияқты парафразаларды кірістіру арқылы анық байқалады. Яғни, осы шығармадағы кеңес айтушы адресанттар ең соңғы абсолютті даналық инстанциясы емес, бұрынғы ата-бабалары мен даналардың сөздеріне қажет кезінде сүйене отырып (сілтеме жасап), дәстүрді қайта жаңғыртушылар, ел басқарудағы тарихи әділдікті, көне дәуірлерден бері сабақтасқан жалпы түркілік гуманизмді қайта бірегейлендірушілер қызметі бойынша да бағаланады деген сөз.

Бұл дискурстар байырғы және заманауи философиялық тұжырымдамалармен де үндесетіндігін атап өткен жөн. Алдымен, шығармадағы Әділеттілік идеясының сақталуы туралы Еліктің бастапқы ұстанымдары – оның сарайдағы бөлмесінде арнайы көрсетіліп қойылған 3 нәрсе: «пышақ», «шекер», «У» арқылы Айтолдыға былайша түсіндіріледі:

«Әділдікпен жаза кеспей тоқтаман.

Құл ма, бек пе, еш айырма жоқ маған.

Бұл пышақты қолына алса кімде-кім,

Кесер, турар нәрсе ғой, ол, біл серім!..

Пышақтай мен кесем аршып, әр істі.

«Бал-шекерді татқан кісі жадырар.

Жүзі жайнап уайым-мұңан арылар.

У бұйрар қара жүрек кісіге.

Заңнан қашқан зәрін түйіп ішіне.

*Келсе алдыма тезінде әділ жазаның.
У ішкендей тартар қылмыс азабын...*

*Ұлым ба, әлде, жақыным ба алыс па,
Кештеу жүрген қонақ па, әлде таныс па?
Заң алдында бәрі бірдей мен үшін.
Кесем әділ болмайды ешбір, келісім.*

Біл, әділ заң басшылықтың тұғыры» [9, 44 б.].

Өткенге шегініс жасасақ, мұндай рәміздік таным арғытүркі заманынан бастап, осы заманымызға дейін кездесетін жайт. Мәселен, бұдан да арғы тарихқа шегініс жасасақ, скиф патшалары Дарии патшаға – құс, тышқан, бақа және бес жебе беріп жіберетін оқиға белгілі. Кейіннен, оның рәміздік мағынасы терең екендігі де қазіргі тарихшылар тарапынан оңды талқыланып жүр [13, 32-66 бб.].

Күнтуды Еліктің ел ішінде әділдікті сақтауы үш құралдың қызметі арқылы рәмізделеді: «Пышақ» – тура кесіп түсу («қара қалды қақ жару» деп те түсіндіруімізге болады), «шекер» – әділдікті сақтаған гуманист адамның «шекердей тәтті» ғұмыр кешуі, «У» – әділдікті сақтамаған бұзық адамның жазасы іспеттес. Халқымыздағы «У ішкеңдей болу» түсінігі де осы мағынамен үндеседі.

Осы пышақ рәмізі жыр мазмұнында, кейіннен, тіл мен сөзге, шешім мен батыл сөйлеуге, әділдікті, ақиқатты баяндауға да қатысты «кесіп түсу» (кесіп айту) мағынасында қолданылады:

*«Тура айтса, елші бұйырмандар айыпқа,
Естігені тура шықсын тілінен,
Елші деген тілші, тілмен бірдей-ді» [9, 153 б.].*

*Оғдүлміштің Одғұрмышқа айтқаны:
«Түзу бол сен, түзулікті тілесен...
Түзу сөйле, сөзің жарқын болады,
Ізгілікке ашылсын сөз орамы.
Тура сөйле жүзің нұрға бөленер,
Тілдеспе құр, болмаса ешкім теңелер...*

*Жаһан заңы құрмет тұту үлкенге,
Үлкен келсе, тік тұрып күт, іркілме...
Тағы бірі тек пайда үшін достасар» [9, 156-166 б.];
«Бір сөзбенен қия шыңға шығарсың,
Бір сөзбен-ақ жауды көрге тығарсың» [10, 203 б.].*

Әділеттілік және этикалық ұғымдардың онтологиялық болмысы мен табиғаты туралы толғаныстар

Әділеттілікке қатысты этикалық құндылықтар тек дидактикалар түріне емес, олардың шығу тегі мен мәні, болмысы, жалпы табиғаты, тәжірибедегі көрінісі туралы мәселелер тұтас қамтылады, ол талқылаулар жырдағы басты кейіпкерлер арқылы «Сократтық сұрақ-жауапқа» ұқсас форматта өрбиді. Әсіресе, Еліктің Оғдүлміш пен Одғұрмішке сауалдары арқылы талқыланады:

<i>Күнтуды Еліктің сауалдары</i>	<i>Оғдүлміш пен Одғұрміштің жауаптары</i>
«Ізгіліктің жөні неде, желі де?»	«Ізгі қылық, түзу қылық,- дер едім, екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік. Осы үшеуі бақ-дәулетің бәріңнің.

	Ұят, намыс абыройын сақтайды.... Тағы бірі – түзу қылық қарымды.. Ұят, шындық, ізгі құлық үшеуі. Қосылғанда, құбылаң тең түседі»
«Жаман не, жауыздық не?»	«Біріншіден, арсыз, мақтан, жамандық. Екіншіден, алдау, арбау, арамдық. Үшіншісі, алып сатар, сараңдық»
«Парқы қандай ақыл, асыл затыңның? Қайда оның мекен-жай тұрағы? Қайда өніп, қайтсе қалай шығады?... Енді ақылдың баяндағын кыр-сырын, Тегі нендей? Қандай өзі құлқының?!»	«Ұшқанды ұстап, қуып жетіп қашқанды, Сынықты – сап, түзер асып тасқанды»
«Көңіл құрты қандай? Нендей көз құрты? Бұл екеуден не қалайды өз құлқың?»	«Көздің құрты – сүйікті өңді бір көру, Көңіл құрты – жан зауқымен бірге өлу».
<i>Дискурстардағы субъектілердің ашық сұхбаты</i>	
Айтолдының Бекке қойған сұрағы: «Ізгілік не? Тегі қандай өзінің?! Мінез-құлық, ісі қандай ізгінің?!»	Еліктің жауабы: «Ізгіліктің нышаны, Ел пайдасы үшін құрақ ұшады, Ізгілік те ізгілігін сатпайды.

Саяси-әлеуметтік әділеттілік пен мемлекеттік заңдар

Әділеттілік қағидасы орталық түсінікке шығарылғанмен, ол жалпылама этикалық құндылықтар арқылы дәйектеледі, ол жеке адамдықтан әлеуметтік этика сипатына қарай ойысады. Бірақ ел басқарушы үшін әділеттілік практиканың, тиянақталған істің нәтижесі болумен қатар, жалпы тұрақты бағдар, «абсолютті» құндылық ретінде бағаланады. Сондықтан да, бекке Айтолды, Оғдүлміш, Оғдүрміш те жалпы ел басқару ісінде, алдымен, әділетті болу қажеттігіне назар аудару керектігін қайталайды. Яғни, бұл туындыдағы басты мәселе – қоғамдағы қандай-ма бір халық өкілдерінің жеке әділеттіліктері емес, саяси-әлеуметтік әділеттілікке басымдылық беру, өйткені, әлеуметтік әділеттілік жалпы адамзаттық әділеттілікке ұласады, бірақ ол ел басқарушыға тікелей байланысты құрылымданады, ол мемлекеттік заңдар арқылы реттелуі тиіс екендігі айрықша толғанылады:

*«Тура жүр де, зұлымдықты жебеме,
Қараны – аққа, қараға ақты теңеме!
Күшке салма, тура жүріп, сақ болғын! ...
Заңды түзе сұмдық сонда сасады,
Құтың өсіп абыройың асады.
Заң иесі қара қылды қақ жарғын».*

*«Жақсы лепес, жарым ырыс ұққанға:
Әділ заң құр, ай елбасы жаңылма.
Жаман болса, болмас дүние, бағың да.
Сұм заң түзіп, алма қарғыс, назаны.
Жаман атпен боларсың ел мазайға.
Әділ заңды қалдырса егер кімде-кім,
Жақсы атағы ел ішінде жүргені» [9, 104 б.].*

*«Екі нәрсе елдің бағын ашады,
Заң мен сақтық – ел тұғыры қашанғы...
Қай бек елде тура заңды ұстаса,
Елдің де онда күні жарқын қысқасы!»*

*Елді, ей, дана, десең ұзақ билейін,
Заң тұз үйрет, көгерт елді, сүйрегің»* [9, 143 б.].
*«Жұрт басқарып, тегінде елді түзету –
Бектер ісі – Әлемді оңдап, күзету»*

*Ел басқару бектің ісі қашаннан,
Сол тәртіптің күшімен ол жасалған.
Сол үшін де бектер қолын ұзартқан...*» [9, 1589 б.].
Әділдік тек бек, ел билеушіге ғана емес, жалпы саяси-әлеуметтік мемлекеттік құрылымның өкілдеріне де тән болуы тиіс екендігі баяндалады. Мәселен, бектің қызметшілері туралы:
*«...Үшіншісі, әділдіктен таймасын.
Сүйіншіпен кешер күнін, айларын»,* - деп бағалайды.

Ж. Баласағұн жыр мазмұнында заңдар – тек халық пен басқа да билік иелері үшін ғана арналмағандығын, ол ел билеушінің нақ өзінен де тыс болмау қажеттігін де айрықша атап өтеді, заң үстемдігі мемлекеттік барлық тұлғалар үшін абсолютті әмбебап болуы тиіс екендігін де тиянақтайды:

«Әлем ісін есті атқарған:

Заң тәртіпті түзушінің көзіміз.

Жараса ма, бұзсақ оны өзіміз!» [9, 158 б.],

яғни, Бектің өзі сол әділеттілікті сақтаудың мемлекеттік саяси билік иерархиясындағы ең соңғы биік үлгісі болуы тиіс: «Бек сұм болса, мойнында ел зары бар – қызметшісі де, әділ жолдан жаңылар». (Бұл пікірдің мағынасын қазіргі таңдағы қолданыстағы «Балық басынан шіріді» деген мәтел арқылы толығырақ ұғынуға да болады).

Сонымен қатар, көріп отырғанымыздай, әділеттілікті сақтауды көп жағдайда Заң арқылы түсіндіреді: заңмен реттеу, әділ заң, баршаның заңға бағынуы, заңды ұстану т.б. Мұнда тек қана әділеттілікті гуманистік тұрғыдан емес, ресми түрде мемлекеттік заңмен бекітілген нормалар ретінде талқылай келе, ол үшін заңның әділ болуын әділеттілік және гуманизм қағидаларымен детерминациялайды, импликациялайды, оларды алғышарттар ретінде де түсіндіреді.

Бұл үздіксіз қайталаулар (мәселен, тұтас мәтінде «Заң» сөзі – 118 рет кездеседі) құр идеология, насихат, дидактикадан гөрі «әділетсіздікке ұмтылатын ерікті тежеу мен нәпсіні үнемі шектеу арқылы тұрақтылықты сақтап қалудың» өзіндік бір психологиялық тактикасы ретінде құрылымданады. Осыдан, біз, жалпылама алғанда, моральдың неліктен біз дидактикалық сипат алатындығын, санаға сіңірушілік табиғаты бар екендігін, оның технологиясы үздіксіз қайталаулар мен қайта-қайта еске түсіру арқылы жүргізілетіндігін де аңғаруымызға болады. Бұл, бір қырынан, адамның тұлғалық рухани болмысын коррекциялау болса, екінші бір қырынан сол гуманист тұлғаның қайта-қайта өзіне бірегейленуінің құралы. Осы «еске түсірулер» мен «қайталаулардың» классикалық үлгілері діни моральдан, термелерден т.б. анық байқалады. Ал «Аяз би» ертегісінде: Аяз бидің (жаман адам)

бірегейлікті сақтауы – сырттан таңылатын субъект (әлдеқандай бір екінші жақ) арқылы емес, «Әй, Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» деп, оның кедей кезіндегі тұтынған бұйымдары арқылы өзімен-өзі сұхбаттар арқылы интроспекциялық, рефлексиялық түрде құрылымданады. Яғни, адам бойындағы ерік, әсіресе, «нәпсі» (құмар-лық) әділеттіліктің не екендігін білмегендіктен емес, оған еріп кетуден, оған ырық беруден туындайтындығы айқын, оны «Құтты білік» жырының мазмұнында бек кеңесшісі императив ретінде нық баяндайды:

«Өз нәпсіңмен күрес, ей Елік...

Дүние жау, нәпсің жаудың аяры» [9, 206 б.].

Ел басқарудағы әділеттілік пен гуманизмге қарсы құбылыс ретінде жалғандық пен күш қолдану да айыпталады, ол Еліктің Айтолдыға жауабынан-ақ көрініс табады:

«Мен айтамын жаманатты білгейсің,

Жақындамай, одан аулақ жүргейсің.

Жақтырмаймын: жалғандықты жалғанда,

Бұдан кейін қара күшке салғанды» [9, 62 б.].

Қазіргі таңда да саяси билікте: мәжбүрлеу, көзін жеткізу, идеология, көндіру т.б. саяси технологиялық құралдар екендігі белгілі жайт.

Бірақ әділеттілікті орнату үшін үнемі тым жұмсақ технологиялардың әмбебап емес екендігін, анархия мен тәртіпсіздікке де жол бермеу керектігі, қажет кезінде оларды іріктеп алып, жазалау да өз орнымен жүзеге асуы тиіс екендігі былайша баяндалады:

«Жамандықтан жамандар қол үзбесе,

Қамшыны бас, жазаны да үзбе сен!..

Көнбесе ығып, таяғыңнан жамандар,

Сақтан өзің, алыс тұрғын олардан...

Жақсыларды құрметте, істеп ізгілік,

Халық түгел жақсы болар ей, күлік!» [9, 201 б.].

– Оғдүрміштің бекке айтқаны.

Бірақ бұл еңбекте жазалаудың өзіне аса сақтықпен қарау қажеттігі мен қажет кезінде меірімді де бола білу де бейне бір «алтын ара-лықты» ұстану қажеттігіне қатысты айтылады:

«Жазалауда таяқтарға асықпа...

Таңда, сабыр сақта жаза бергенде» [9, 202 б.].

«Бейне оташы Елік, бүгін сен де бір,

Мұңын шағар, саған бүтін ел келіп...

Дауашы бол, емдеу дәрі дәрімен» [9, 202 б.].

Туындыдағы әділеттілікті этикалық тұжырымдамалар негізінде бағамдау

Шығармадағы «Әділ болу» мен «Әділ заң ұсыну» үшін, алдымен, осы құндылықтардың мағынасын тереңірек үңілу қажеттігі теориялық этика нормативтіктік этикадан «бұрын» екендігін ғана емес, осы қағидалар арқылы әділеттіліктің қалай жүзеге асатындығын дәйектеумен келіп ұштасады.

Содан соң, сол әділдік түсінігінің өзіне үңіледі: «Айтшы маған, Әділдіктің мән-жайын. Әділдік ой ашар жұрттың маңдайын», Әділдіктің жолы қандай болады?», - деген Айтолдының сұрағына Күнтуды былайша жауап береді:

«Біл, әділ жан – бір шынар,

Тілі, ділі сөзіменен бір шығар.

Тысы – ішіне, іші – тысқа жарасып,

Туған жаннан кетпес шындық адасып...

*Әділдік құт, құт құрығы – кішілік.
Әділдіктің заты тұнған – кісілік».*

Шығармада әділеттілік қағидасы тек номеналды-априорлы түрде толғанылмайды, прагматикалық және практикалық көріністермен корреспонденцияланады. Мысалы, Өгдүлміштің мемлекеттік билікке тағайындалғаннан кейінгі қызметі былайша баяндалады:

*«Ал, Өгдүлміш ізгі заңын енгізді,
Құрметтеді теңеді елге теңсізді.
Бар зұлымды кетірді елдің ішінен,
Арылды өзі жайсыз қылық, ісінен».*

*Түзелді заң, түзелді елі жетілді,
Тыншыды Елік, ел іргесі бекіді»* [9, 104 б.].

*«Елік те енді қуаты тасып өрледі,
Әділ заңды күн-түн демей жөндеді».*

Байыды жұрт, кенелді елі тегінде» [9, 106 б.].

Елді басқару мен әділеттілік орнату тек қана корреспонденциялармен емес, практикалық сыни верификациялармен, эмпирикалық тексерулермен де жүргізіледі, мысалы, Еліктің Огдүлмішке елді қалай басқарып отырғандығы хақындағы жауабы:

«Ал сапасын көрушілер біледі».

*Мен – істеуші, сен – көруші, қарасаң,
Көрушіден істеуші алар бағасын».*

«Консеквенционализм – (консеквент – салдар, нәтиже, қорытындысы деген мағынада) – адамгершілік бағалаудың өлшемі – мінез-құлықтың нәтижесін деген санайтын моральдік теория екендігін, бұл бағыттың өкілдері моральдік болып саналатын құбылыс, алдымен, кез-келген әрекет пен әрекетсіздіктің салдарының жақсы нәтижелер беруімен шешімін табатындығын, яғни, олар – ең бастысы жақсы нәтиже беру, талас-тартыстардың оңды шешімін табуы т.б. аса маңызды болып табылатындығын, ал бұл тұста этикалық нормалар шартты ережелерге айналады» [14] негізге алсақ, Ж. Баласағұнның әділеттілік пен ізгілік этикасының консеквенционализмге де сай келіп жатқан бағдарларын көре аламыз.

Әділеттілік пен ізгіліктің эпистемологиялық алаңға шығарылуы

«Құтты білік» дастанында «ақпараттар мен білім адамның болмысынан, тумысынан ба, әлде ол тәжірибелер арқылы жинақтала ма» деген эпистемологиялық сауалдар қойылады. Философия тарихындағы таным теориясында бұндай мәселелердің толғанылуы кездесетін жайт, мәселен, Дж. Локк пен Р.Декарттың «туа біткен идеялар» мен «ақ тақта» диспозицияларындағы [5, 21-33 бб.] – осы «ақ», «ешнәрсе жазылмаған сана» рәмізі, Баласағұн шығармасында да тура эквивалентті болмаса да, изоморфты түрде кездеседі: «...бала миы дақ тимеген қағаз нақ». Бұл да Елік пен Огдүлміш сұхбаттастығы арқылы көрініс табады:

Еліктің сауалы	Огдүлміштің жауабы
«Білікті боп туа ма адам анадан,	«Шарана да, білімсіз боп туады, Білім оқып, үйреніп,

Әлде есейіп жасы келіп, қана ма?»	дана жолын қуады. Ақыл есі адамның табиғаттан бұйырап, Қабілетті үйренбес, қабілетке сиынар! Адам естен басқаны, білімменен алады»
«Даналықты кісі үйреніп тани ма? Әлде ана құрсағында дари ма?»	Жаратса хақ ақыл-еспен әуелі – Бастау болар бар білімге мәуелі. Күнде толып, күнде үйреніп бағады. Не тілесе, соны ілім алады... бала миы дақ тимеген қағаз нақ»

Бұл пікірталастар, негізінен, қазіргіше айтқанда, логикалық, бірізділік, жүйелілік, жіктеу, дихотомиялау бойынша жүргізіледі. Мәселен, Елік: «Жақсы аштың жігін білім, ақылдың», – деп Огдүлмішке ризашылық білдіреді.

Әділеттілікпен ел басқарудың саяси технологиялары туралы пайымдаулар

Бекке кеңес беруші Огдүлміш әділеттілік орнату мен сақтауда, елді оңтайлы басқару мен түзеуге, қазіргі тілмен айтқанда, саяси технологиялар мен дипломатияны қолдану керек екендігін ескертіп өтеді, соның бірін – «ізгі қулық» деген түсінікпен береді:

«Ізгі қулық, қасиет керек мың түрлі».

Ел басқарып серпу үшін бұлтұнды...

Ізгі қулық бектің нәсіп күйі».

Яғни, жалпы «қулық» түсінігі қазақ халқының тілінде көп жағдайда жағымды да, игілікті де емес, яғни, оңды мағынада қолданылмайды, бірақ ол интеллект пен ақылды, тапқырлық пен айланы керек ететіндігі анық, егер оны тиімді және гуманистік тұрғыдан пайдаланатын болса, ол «ізгі қулық» форматына ауысады да, керісінше мағынаға ие болады. Бұл саяси технологияның қазақ тілінде басқа атауы жоқ болғандықтан, оны «ізгі» (қулық) арқылы айшықтайды (Әрине, бұндай ұғымдардың кірістірілуі мен таңдалып алынуы заманауи аудармашыларға да байланысты, бірақ ол өз алдына бөлек мәселе). Тұрмыстық күнделікті тіл қолданысындағы барынша жуықтайтын ұғымдары: айла, тәсіл, әдіс т.б. тұрғыдан сараласақ, бұл ахуал түсініктірек болады.

Сондай-ақ, әділеттілікпен ел басқарудың технологияларының бірі – «Айтолдының Елікке», «Огдүлміштің Огдүрмішке», «Огдүріштің Елікке» айтқан сөздеріндегі – сол кезеңдердегі мемлекеттік саяси құрылымдағы мәртебелі тұлғалардың қызметінің мазмұны мен олардың бойындағы мінез-құлықтар туралы баяндаулардан да анық байқалады. Мысалы, елші, қақпа басы, хажыб, әскер басшылары, қолбасшы, уәзір, басшы Бек (хан, патша), шежіреші-хатшы, қазынашы, аспазшы мен ыдысшы, жалпы қызметшілері, әскер басшысы т.б. біліктілігі, ақылы, әділеттілігі мен басқа да мінез-бейнелерінің барынша толық моделі құрылымданады. Оларды екі арнаға бөлуге болады: біріншісі – адамгершілік қасиеттер, екіншісі – қызметіне қажетті шынайы сапалар және ол тізбектеліп, жүйеленіп беріледі:

«Жүрегі жоқ тасбауыр жан, соқыр нақ,
Жүрегі жоқта ақыл байғұс ақымақ» –
мейірімділік туралы.

«Сұғанақ көз көрде ғана қояды.
Сұқ құтаймас, қанша мүлік жиса да,
Сұқ көз кедей, әлемді оған қиса да!» – жемқорлық
туралы.

Әскер басшысының қасиеті туралы:
«Тас жүректі не сұмдықты көп көрген...
Үшіншіден, жүрек керек түгімен».

Қаталдық туралы:
«Сес бұйрықсыз, билік тағы тұрмайды.
Саясатпен жұртын, заңын түзетер».
Бірі – елге әділ заңды қаратқын,
Екіншісі әскер, елге күміс таратқын».

Осы қасиеттер басқа да жағымсыз
қасиеттерді мысалға ала отырып, нақты ди-
леммалар арқылы шешімін тапқандай болады.
Мәселен, «Жүрегі жоқта ақыл байғұс ақымақ»
деген жолдардағы ақыл ұғымы экзистенци-
алды «салқын ақыл» туралы толғаныс. Яғни,
біліктілік, интеллект, құр рационалдылық,
ақылдың – тездігі, ұтқырлығы, икемділігі,
жалпылануы т.б. сапалар дара оқшау емес,
қашанда адамгершілікке негізделген
эмоционалдылықпен астасып жатуы тиіс
екендігі туралы ой тұжырымы түйінделеді. Осы
астасудың тағы бір өзіндік бір ерекше нұсқасын,
мәселен, Абай «нұрлы ақыл» [16, 43-56 бб.] деп
түсіндіреді. Ал халықтық дүниетанымда осы
салқын ақылға – «парасаттылықты» шартты
түрде қарсы қою арқылы да ұғынуға болады.

«Құтты білік» жырындағы әділеттілік
мәселесінің тағы бір қыры – әлеуметтік қорғау,
яғни, материалдық жағдайы тым төмен
әлеуметтік қабаттарға жәрдем беру:

«Бұлардан соң, ел ішінде кедей жүр,
Ішкіз-жегіз, жақсылық ет, елей біл»,
«Қарасып тұр кедей, жетім, тұлдарға,
Шын әділдік – соларға көз бұрғанда».

Шындығында да, әділеттілік туралы кейбір
зерттеушілердің пікірінше, қоғамда әділеттілік
үнемі абсолютті түрде сақтала бермесе де,
адамдардың ізгі болуы және ынтымақтастық
(корпоративтілік) арқылы жүзеге асады. Оның
ішінде, О.Хеффе атап көрсеткендей, «таптық
ынтымақтастық» та қоғамдық өмірде кей
тұстарда нақты реалданады [17, 56-60 бб.].

«Құтты білік» дастанында ел басқарудағы
әділеттілік мәселесін қатыстыра отырып, жалпы
ғұмыр кешу дискурсы ретінде қарастырылатын
күрделі ахуал – сопылықтағы: аскеттік тіршілік
ету мен қалыпты ғұмыр кешуді салғаластыру,
баламалар ретінде ұсыну, шешімін табуға де-
ген ұмтылыстар. Аскеттік тіршіліктің нақты
өкілі – Одғұрмыш болып бейнеленсе, оған
түсіністікпен қарайтын және оның сана-сезімі
мен дүниетанымына да терең бойлай алатын,
феноменологиялық тұрғыдан оның да санасын
қабылдап, бірге күйзелісе алатын – Одғұлміш пен
Күнтуды Елік пікірталас алаңына шығарылған.
Ал Айтолды тек қартайған шағында ғана «өмір-
жалған» позициясын ұстанады.

Бірақ Одғұрмыш өзгелерге аскеттік ғұмыр
кешуді міндеттемейді, мәселен, бекке былай-
ша үн қатады:

«Тәңір сені, әділет үшін қолдады,
Әділ жүріп, әділ тұрсаң болғаны!

Күллі ісінді, ақылменен атқарып...
Түзетемін десең, бәрін біле бер.

Өзіңді өзін түзе, халқың түзелер.
Бұл бектер – бас. Қайда маңса ел басы,
Солдай еріп, барар маңып баршасы.
Халқы азса, оны бектер түзетер,
Бек азса егер, оны кім түзетер?!...

Өзіңді ұстап, дұрыс жолдан жаңылма!
Кішік болғын, кекірейме, кекіреп,
Әскер күшім көп деме көкірек!» [9, 201 б.].
Бектің жапанда жалғыз ғұмыр кешкен
Одғұрмышты елге қызмет етуге шақыруы:
«Адал мал тап, өзіңді өзін сүйіндір,
Ашын елдің, тойындыр да киіндір» [9, 15 бб.].

Одғұрмыштың ақыл-кеңестері:
«Көп қазына жима алтын-күміспен,
Не болса да беріп, көппен үлескін...

Өлмей тұрып, таратып бер барыңды...
Қарасып тұр, кедей жетім тұлдарға,
Шын әділдік соларға көз бұрғанда» [9, 204 б.].

«Жақындатпа, өсекшіні қасыңа.
Мұндайлар сұм, зиянкестер тек қана,
Зиянкесті жаудың жауы деп сана» [9, 205 б.].

Айтолдының өлер шағындағы өлім мен
өмір хақындағы экзистенциалдық толғанысы:

«Неге тудым, тұрса күтіп, бір өлім.
Неге күлдім, қайғы барын білемін,
Ауыр не бар, өлімнен бұл жаһанда!».

Айтолдының өз ұлы Өгдүлмішке өсиеті:
«Құтқа сенбе, тез тозады өшеді.
Бұл тіршілік көрген үстей өтеді,
Қуанба, құт, құстай ұшып кетеді...

Шарап ішпе, арамнан бой тасала..
Пасық болма, зинақорлық жасама,
Екеуінен бақтың құсы қашады» [9, 88 б.].

Одғұлміш пен Елік осы аскеттік сопылық
ғұмыр кешумен абсолютті түрде «дұрыс» деп
келіспейді, бірақ мынадай амбивалентті ди-
лемма аясындағы көріністерді де аңғаруға
болады: аскеттілік «априори мен теориялық,
концептуалды және ноуменалды тұрғыдан»
– дұрыс, ал «практикалық өмір мен таза
«когнитивті реализм», прагматика мен
«өмірлік әлем», де-факто т.б. тұрғысынан»
– «дұрыс та, теріс те емес», себебі, өмірдің
өзіне, оның болмысы жағынан белсенділік ке-
рек. Бұл толғаныстарды жыр оқиғаларындағы
Одғұрмышқа Одғұлміштің үн қатуынан да
аңғаруға болады:

«Сен безгенмен, сұм дүние оңар ма» [9, 216.].

Елік пен Одғұлміштің Одғұрмыш елге
қайтып келген сәтте, оның «қалай тіршілік ету
керектігі» туралы кеңес беруі:

«Құлшылықты сақта, кісі көрмесін.
Кісі киік бол жұртты бөлмегін».
«Әлем халқы тастап елді, шаһарды.
Жүгін артып, кезсе, тауды жаһанды.

Жаһан азып, құрыр қала, даласы.
Ұрпағы өшіп, тозар адам баласы».
Одғұрмішке Одғұлміштің айтқаны:
«Адал дүние, адал асың табылса,
Кедей үлес, жұртпен бөліс барынша» [9, 148 б.].

Ал Оғдүрміштің Оғдүлмішке айтқаны:
«Кісі мұнша бейнет шегіп не етеді,
Мал жиғанмен қысқа тірлік етеді..
Өмір өтер жиюмен мал – ырысың,
Қалдырасың кімге үзілсе, тынысың?» [9, 184 б.].

Оғдүрміштің Елікке қарата ой толғауы:

«Бола қалса, біреу егер, еліңде аш,
Алла оны сенен сұрар, көзіңді аш!..
Келсе, бектік жөнін берік ұстағын.
Әділ болып шындық жолын ұсқағын!
Ол дүниені қолға тұтам десеңіз,
Шындықты ұстан, сөзді осымен кесемін..
«Бекпін» деуші кеуде керіп күнінбе,
Опасыз бұл дүние түңіл, күтін де» [9, 200 б.].

Бұлар аскеттік пен қалыпты өмір сүру этикасының арасындағы пікірталастардың тек сол дәуірдегі шынайы ақиқаты ғана емес, қазіргі заман үшін де терең философиялық мәні бар ұстанымдар.

Қорытынды

1. Әділеттік тек жеке дара концепт ретінде талқылана бермейді, ол – жалпы ізгілік жағындағы көптеген игі қасиеттермен толықтырылады да, кешенді түрде қарастырыла келе, ізгілікпен, адалдықпен, ақылмен т.б. детерминацияланады және импликацияланады. Бұл шығармада осы қасиеттердің болмысы, табиғаты туралы – теориялық этикамен қатар, оның қолданыс аясы, нақты тәжірибелер турасындағы – практикалық этика, қашанда адамгершілік іс пен әділеттілікті сақтаудың нәтижесі жөніндегі – консеквенционализм т.б. этика бағдарлары туралы да толғанылады. Сонымен қатар, аскеттік этика мен гедонистік, эвдемонистік, утилитаристік, перфекционистік этика өзара философиялық тартысқа түседі.

2. Ж.Баласағұнның әділеттілік пен адамгершілік туралы пайымдаулары мен философиялық ой өрнегіндегі толғану технологиялары кейіннен қазақ философиясында да көрініс тапты. Осы сабақтастық пен Баласағұнның ой-толғам жүйесінің өнегелік маңызының кейбір тұстарын кесте бойынша былайша салыстырып көрсетуімізге болады.

Ж. Баласағұн	Кейінгі ұлттық дүниетанымда
Жүрсін бектер, бес нәрседен алыстап, Жақсы атымен дақ тигізбей намысқа. Ұшқалақтық – бірі, екінші – сараңдық, Үшінші – ашу, оған егіз надандық. Қырсығың – сор, бетті жер қып жүргізсер, бесінші – өтірік, жерге тірі кіргізсер!	Бес нәрседен қашық бол. ... Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның, білсеңіз. (Абай)
«Бақсаң дүние көлеңкеден аумайды, Қусаң – қашып, қашсаң – еріп қалмайды»	«Дүние күнде өтеді, түнде өтеді. Көңілден өлең айтсаң кір кетеді, Болғанда адам – түлкі, дүние – бүркіт, Бір күні қуып жүріп індетеді» (Халық өлеңі)

«Шық» деп саған кейінгілер өзіңнен, Кіргенше ол да: «Менікі, - дер, менікі!.. Дүние бегі, түнек, зындан бұл жаһан» (278б.)	«Дүнием менің дегендер, Бек жарандар, Пәни дүние кімге қалды, Келімді-кетімді дүние, Соңы өлімді дүние» (Қорқыт ата кітабында)
Кірмен ласты кісі сумен жуады, Су былғанса, кірін немен қуады?!» (165 б.)	«Ет сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер» (мақал)
Айтолдың өсиеті: «Бегі – қойшы, халық – қойы шамасы, Қойды баққан, қойға жылы қарасын, Күллі аш бөрі қақпан алдын торып жүр, Қойды, Елбасы, сак күзетіп торып жүр» (92 б.)	Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі Бөріге қой алдырмас ердің ері. Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса, Жоламас ешбір пәле шайтан-пері (Шал ақын)

Шындығында да, Н.Келімбетов атап өткендей, қазақ әдебиетіндегі идея мен ой сабақтастығы олардың мазмұнына тереңірек үңілу арқылы айшықтала түседі. Одан, біз, мәдени сабақтастықты тани аламыз [18, 34-108 бб.]. Ал кейбір зерттеушілеріміздің көзқарасы бойынша, осындай, қазақ ойшылдарының саяси-әлеуметтік көзқарастарының көпшілігі тарихи-танымдық тұрғыдан алғанда Мәңгілік Ел идеясына келіп шоғырланады [19, 20 б.].

3. Ж.Баласағұнның әділеттілік идеясының толғанылуы, негізінен алғанда, гуманистік және жасампаздық сипат алады. Шығарма соңында әділетсіз қоғам келбеті сипатталғанмен, әділеттілік пен ізгіліктің құндылықтық-мағыналық қана емес, өнелік-идеологиялық көріністері толғанылады. Сол дәуір мен кейінгі, тіпті қазіргі билік басшыларына әділеттілік пен игіліктің бейне бір жалпылама тұжырымдамасы мен моделін ұсынып кеткендей сынай танытады. Өмірдің өткіншілігі туралы толғай келе, өмірдің мәні сияқтанатын немесе өмірдің мәнімен алмастырып түйсінуге болатындай перспективті бағдарлармен шартталған қағида ұсынады және оны пафостық тілмен айтқанда, «ел басшыларына мәңгілік ұстаным» ретінде тағайындап кеткен тәрізденеді. Мысалы, Оғдүрмыштың бекке айтқаны: «Өзіңнен соң, жақсы ат қалдыр қалайда!» [9, 152 б.].

Әрине, бұл тұжырымды тек бектерге (мемлекет басшыларына) ғана емес, қазіргі таңда да баршаға тағайындалған әмбебеп қағида ретінде бағамдауымызға, қабылдауымызға болады. Осыған орай, айта кететін бір жайт, Ж.Баласағұнның бұл еңбегіндегі ізгілік пен әділеттілік турасындағы кейбір тиянақталған пікірлер мен тұжырымдар бүгінгі таңда да халықтың тарихи жадысында сақталып, мақал-мәтелдер ретінде арнайы «бекітілгендігін» де атап өткеніміз жөн.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыру аясында әзірленді (№BR20280977 «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер»).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Таджикова К. Ислам: дүниетаным, идеология. Саясат. - Алматы: Қазақстан, 1989. - 158 б.
- 2 Қабылова А.С. Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн: дүниетаным, философия. Монография. - Алматы, 2013. - 224 б.
- 3 Бижанова М. Орта ғасырлық түркі ойшылдарының бақыт мәселесін сипаттауы // «Қазақ руханиятының қалыптасуы мен дамуының тарихи-философиялық және этномәдени негіздері». - Алматы: ФЖСИ, 2011. - 99-136 бб.
- 4 Әлжан Қ., Изотов М. Юсуф Баласағұни: идея единства мира и человека // Адам әлемі. - 2012. - № 4 (54). - 7-12 бб.
- 5 Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғажайып ой кешу үрдістері. - Алматы: Ғылым, 1994. - 168 б.
- 6 Миль Дж.С. Система логики: Силлогистической и индуктивной. - М., 1914. - 880 с.
- 7 Фреге Г. О смысле и значении // Логика и логическая семантика. - М.: Аспект Пресс, 2000. - 425 с.
- 8 Аналитическая философия: Становление и развитие (антология). - М.: Дом интеллектуальной книги, Прогресс-Традиция, 1998. - 216 с.
- 9 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-Т. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. - А.: Таймс, 2007. - 536 б.
- 10 Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие. - СПб.: Наука, 2001. - 382 с.
- 11 Писанова Т.В. Лингвистические и философские принципы дискурсивной этики: Актуальные дискуссионные вопросы // Вестник МГЛУ. - 2010. - № 603. - С. 54-66.
- 12 Роулз Д. Теория справедливости // [Электронды ресурс] URL: <https://sd-inform.org/upload/books/Politologija/spravedHvost/Dzh.Rolz.Teorija%20spravedHvosti.pdf> (Қаралған күні 24.02.2025)
- 13 Вайнберг В.И. Ставский Б.Я. История и культура Средней Азии в древности. - М., 1992. - 120 с.
- 14 Scheffer Samuel. The Rejection of Consequentialism: A Philosophical Investigation of the Considerations Underlying Rival Moral Conceptions. - Oxford: Oxford University Press, 1994. - 434 p.
- 15 Дмитриева А.А. Концептуализация интроспекции в философии нового времени (Рене Декарт, Джон Локк, Дэвид Юм) // Вестник Московского университета. Серия 7. Философия. - 2014. - №2. - 21-33 бб.
- 16 Абай. Қара сөз. Поэмалар. - Алматы: Ел, 1993. - 272 б.
- 17 Хёффе О. Справедливость: Философское введение. - М.: Практикс, 2007. - 192 с.
- 18 Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары): Зерттеу. - 2000. - 288 с.
- 19 Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. Мәңгілік Ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. - Астана: Фолиант, 2013. - 320 б.
- 20 Алимбаев А.Е. Көне түркі әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» идеясының жырлануы. Филол.ғыл.док.дисс., 2021. - 100 б.

Transliteration

- 1 Tadzjikova K. Islam: dunietyanym, ideologija. Sajasad [Islam: worldview, ideology. Politics]. - Almaty: Kazakhstan, 1989. - 158 b. (in Kaz)
- 2 Kabylova A.S. Abu Nasyr al-Farabi, Zhusip Has Kazhyb Balasagun: dunietyanym, filosofija [Abu Nasyr al-Farabi, Zhusip Khas Khazyb Balasaguni: worldview, philosophy]. Monografiya. - Almaty, 2013. - 224 b. (in Kaz)
- 3 Bizhanova M. Orta gasyrlyk turki oishyldarynyn бакыт

maselesin sipattaуу [Description of the problem of happiness by medieval Turkic thinkers] // «Kazak ruhanijatyrynyn kalypтasuy men damuynyn tarihi-filosofijalyk zhane jetnomadeni negizderi». - Almaty: FzhSI, 2011. - 99-136 bb. (in Kaz)

4 Alzhan K., Izotov M. Jusuf Balasaguni: ideja edinstva mira i cheloveka [Yusuf Balasaguni: the idea of the unity of the world and man] // Adam alemi. - 2012. - № 4 (54). - 7-12 bb. (in Kaz)

5 Bejsenov K. Kazak topyragynda kalypтaskan gakiijatty oj keshu urdisteri [Ignorant thought processes formed in the Kazakh soil]. - Almaty: Gylm, 1994. - 168 b. (in Kaz)

6 Mil' Dzh.S. Sistema logiki: Sillogisticheskoy i induktivnoj [Logical system: syllogistic and inductive]. - M., 1914. - 880 s. (in Russ)

7 Frege G. O smysle i znachenii [On sense and Meaning] // Logika i logicheskaja semantika. - M.: Aspekt Press, 2000. - 425 s. (in Russ)

8. Analiticheskaja filosofija: Stanovlenie i razvitie (antologija) [Analytical philosophy: formation and development (anthology)]. - M.: Dom intellektual'noj knigi, Progress-Tradicija, 1998. - 216 s. (in Russ)

9 Zhyisip Balasagun. Kutty bilik [Kutadgu Bilig]. 5-T. Adebі zhадigerler. Zhiyrma tomдық. - A.: Tajms, 2007. - 536 b. (in Kaz)

10 Habermas Ju. Moral'noe soznanie i kommunikativnoe dejstvie [Moral consciousness and communicative action]. - SPb.: Nauka, 2001. - 382 s. (in Russ)

11 Pisanova T.V. Lingvisticheskie i filosofskie principy diskursivnoj jetiki: Aktual'nye diskussionnye voprosy [Linguistic and philosophical principles of discursive ethics: Current discussion questions] // Vestnik MGLU. - 2010. - № 603. - С. 54-66. (in Russ)

12 Roulz D. Teorija spravedlivosti [Theory of justice] // [Jeлектронды ресурс] URL: <https://sd-inform.org/upload/books/Politologija/spravedHvost/Dzh.Rolz.Teorija%20spravedHvosti.pdf> (Karalğan kyni 24.02.2025) (in Russ)

13 Vajnberg V.I. Staviskij B.Ja. Istoriya i kul'tura Srednej Azii v drevnosti [History and culture of Central Asia in ancient times]. - M., 1992. - 120 s. (in Russ)

14 Scheffer Samuel. The Rejection of Consequentialism: A Philosophical Investigation of the Considerations Underlying Rival Moral Conceptions. - Oxford: Oxford University Press, 1994. - 434 p.

15 Dmitrieva A.A. Konceptualizacija introspekcii v filosofii novogo vremeni (Rene Dekart, Dzhon Lokk, Djevid Jum) [Conceptualization introspection in the philosophy of new time (Rene Descartes, John Locke, David Hume)] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 7. Filosofija. - 2014. - №2. - 21-33 bb. (in Kaz)

16 Abaj. Kara soz. Pojemalar [The Book of Words. Poems]. - Almaty: El, 1993. - 272 b. (in Kaz)

17 Hjoффе О. Spravedlivost': Filosofskoe vvedenie [Justice: Philosophical introduction]. - M.: Praxis, 2007. - 192 s. (in Russ)

18 Kelimbetov N. Korkemdik dastur zhalgastygy (Ezhelgi turki poezijasy zhane kazak adebieti bastaulary): Zertteu [Continuity of artistic tradition (Ancient Turkic poetry and the beginnings of Kazakh literature): Research]. - 2000. - 288 s. (in Russ)

19 Syzdykov S., Kanaev S., Zhenis Zh. Mangilik El idejasy: kalypтasuy, ush negizi, tarihi sabaktastyk [The idea of the Eternal Nation: formation, three foundations, historical continuity]. - Astana: Foliant, 2013. - 320 b. (in Kaz)

20 Alimbaev A.E. Kone turki adebietindegі «Mangilik El» idejasynyn zhyrlanuy [The glorification of the idea of «Eternal Nation» in ancient Turkic literature]. Filol.gyl.dok. diss., 2021. - 100 b. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Қуаныш Ұзақбайұлы
Әлжан

жетекші ғылыми қызметкер, философия ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: iph@iph.kz, ORCID ID: 0000-0002-3632-3472

Қуаныш Ұзақбайұлы
Әлжан

ведущий научный сотрудник, кандидат философских наук, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: iph@iph.kz, ORCID ID: 0000-0002-3632-3472

Kuanyszh Alzhan

Leading Researcher, Candidate of Philosophical Sciences, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: iph@iph.kz, ORCID ID: 0000-0002-3632-3472